

2024-2025 оқу жылындағы ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының талдау есебі

Отбасы бала тәрбиесінің басты факторы ретінде өскелең ұрпаққа толыққанды өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Әр бала бақыт, махаббат пен түсіністік атмосферасында өсуі керек.

Қазіргі қоғамда жиі ұшырасатын кездейсоқ оқиғаларға жол бермеу үшін ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді қажет етеді. Жаңа оқу жылынан бастап әрбір жалпы орта білім беру ұйымының базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істейтін болды. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.

Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Осы мақсатпен мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы өз жұмысын бастады.

Тақырыбы: «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер».

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында бастауыш сынып мұғалімі Эльмира Жұмабекқызының ұйымдастыруымен жоғарыда аталған тақырыпта ата-аналармен сабақ өткізілді.



Мақсаты:

Әр отбасының бала тәрбиесіне белсенді қатысуының маңызын арттыру, балалардың мейірімді, сыпайы әдеттерді бойларына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қалыптастыру, отбасы мен мектеп арасындағы өзара байланысты нығайту, ата-аналардың тәрбиелік үдерістегі рөлін күшейту, бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды насихаттау.

<https://www.instagram.com/p/DJltUsoIil/?igsh=MXRteGFqeHR0bDI3aQ==>

Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары 🔑

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті тренинг сабағы өтті. 📖 ✨

Тренинг барысында жасөспірімдердің өміріндегі маңызды мәселелер талқыланды:



Достық – жасөспірім үшін ең құнды нәрсе 🤝❤️



Қазіргі балалардың достығы мен субмәдениеттері – заманауи топтасу ерекшеліктері



Қақтығыстар мен қорқыту – әдептілік пен тәртіптің маңыздылығы 🗣️🚫



Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары – бала тәрбиесіндегі дұрыс бағыт-бағдар



Ұлттық құндылықтар – «қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» ұстанымдары

арқылы жақсы қарым-қатынас орнату кз💞



Жасөспірімдерді түсініп, оларға дұрыс бағыт беру – әрбір ата-ананың басты міндеті!



Өткізген: Берниязова Б.

<https://www.instagram.com/p/DIbUuMotNKc/?igsh=MXFnZmF1MzBwMzBhdA==>



"Күйзелістен шығар жол" тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті тренинг сабағы өтті.

📖 Тренинг барысында келесі маңызды тақырыптар талқыланды:

1️⃣ Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны. Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады? Стрестен арылу әдістері.

2️⃣ Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы.

3️⃣ Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері.

4️⃣ Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

5️⃣ Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті.

📖 Бұл тренинг ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетіп, күйзелісті жеңу жолдарын үйретуге бағытталды. ✨

😊🧠🏠 Өткізген: Тажиева Шынарғуль Ермекбаевна.

<https://www.instagram.com/reel/DILBtyPNdQI/?igsh=MTBzY2k1d2pyNGc4eQ==>

◆ "Әр нәрсенің өлшемі бар..." ◆

✨ "Қажеттілік" пен "Қалау" ✨

✨ Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында маңызды тренинг өтті!

Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалауларының айырмашылығын түсіну – ата-ананың бала тәрбиесіндегі басты міндеттерінің бірі.

◆ Тренинг барысында талқыланған тақырыптар:

✓ Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары

✓ Қиын мінез-құлықтың белгілері

✓ Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі

✓ "Ашу – дұшпан, ақыл – дос": өзін-өзі реттеу жолдары

✓ Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу

✨ Баламызды дұрыс түсініп, қолдау көрсетейік! ✨

Өткізген : Жугунусова Гулназ Самигуллаевна 🧠🏠

<https://www.instagram.com/p/DIBB9ORt1nA/?igsh=MThjeDVkeHp4Z2lhYg==>

"Сенім арту – жетістік кепілі" тренинг сабағы өтті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Сенім арту – жетістік кепілі»

тақырыбында кезекті тренинг сабағы өтті. Шара барысында бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелер қозғалды:

✓ Бала өміріндегі қиындықтар

✓ Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі («Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала»)

✓ Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау

✓ Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары

✓ Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену

Бұл тренинг ата-аналарға балаларының ішкі әлемін терең түсінуге, олармен сенімді қарым-қатынас орнатуға және қолдау көрсетуге көмектесті.

✨ Балаңызға сенім арту – оның жетістігінің басты кепілі! ✨

Ұйымдастырған:

Бастауыш сынып мұғалімі: Кемединова Г

<https://www.instagram.com/p/DIA77l4N06L/?igsh=azZ2bWluYnQ4aDZt>

📖 21.02.2025 жылы 5-8 сынып ата-аналарына арналған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының "Бұлақ көрсең, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту" тақырыбындағы кезекті тренинг сабағы өтті.

🌟 Мақсаты:

1. Орта буын оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналардың рөлін арттыру.
2. Балалардың қызығушылықтары мен таланттарын анықтауға және дамытуға бағыт-бағдар беру.
3. Ата-аналарды балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруге үйрету.
4. Шығармашылық ойлау дағдыларын жетілдіруге көмектесетін тиімді әдістермен таныстыру.
5. Баланың өзін-өзі дамытуына қолдау көрсету.
6. Оқушыларды жетістікке жетуге ынталандыру.

👤📅🏠 Өткізген:

7 "А" сынып жетекшісі: Мовликанова С.

https://www.instagram.com/reel/DGkYKJtM3yi/?utm_source=ig_web_button_share_sheet

📖 2025 жылдың 17 қаңтарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының "Баланы жастан..." тақырыбындағы кезекті тренинг сабағы өткізілді.

🌟 Мақсаты:

- Ата-аналардың балаға деген сүйіспеншілігін арттыру, өздерінің және өзгелердің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеуге үйрету;
- Көңіл-күйді жақсарту, сезім мен эмоцияны реттеу;
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі оң психологиялық көзқарасын және балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

📖 Өткізген:

Бастауыш сынып мұғалімі - Өтеген Г. А.

https://www.instagram.com/reel/DE7u7KxNnWI/?utm_source=ig_web_button_share_sheet